

model for EFL learners. *Asian. J. Second. Foreign. Lang. Educ.* 3, 6 (2018). PubMed Central and Web of Science (Clarivate Analytics). <https://doi.org/10.1186/s40862-018-0048-0>

6. *The Law on Education of the Republic of Kazakhstan. No. 389-13 of the Republic of Kazakhstan. 06/07/99. Astana city.*

7. *The concept of development of education of the Republic of Kazakhstan for 2015 on 04.11.2004.*

8. *The concept of development of foreign language education of the Republic of Kazakhstan. Almaty, 2004.*

9. *The concept of language education of the Republic of Kazakhstan (draft). – Almaty, 2010*

10. *A model program for the practical course of the main foreign language. – Astana, 2003*

11. *Andreeva G.M., Yanoushek Y. The interrelation of communication and activity. Communication and automation of joint activities. – M., 1987.*

МРНТИ 14.01.21

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.05>

*М.М. Зұлтыхарова<sup>1</sup>, Г.Т. Садуақас<sup>1</sup>, М.Ж. Сұлтанбек<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

<sup>2</sup>*Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті PhD, аға оқытушы  
Түркістан қ., Қазақстан*

## «АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада «академиялық дарындылық» ұғымының генезисі, даму ерекшеліктері сипатталады. «Академиялық дарындылықтың» философиялық категориялары: интеллект; акт; қабілет; ойлар мен мадақтар жолы; даналық; адамдарға қатысты айырмашылық; жоғарғы идеялар; монадалар; диадалар; триадалар пайымдаушылық; шығармашылық белсенділік; «вегетативтілік»; «сезімдік»; «рационалдык»; жетік бақыт, дианозтикалық ізгілік; ойланушының көптілігі (дуальдылығы); ішкі даму; генерация динамикасы; өздігінен дамиды және атемпоральды болмыс ғылыми түсініктеріне талдау жасалады. Сонымен қатар психологиялық білім бойынша категориялары: керемет меңгеру қабілеттілігі; оқу қабілеті; туа біткен қасиеттер; нақты қатынастардың жеке конгломераты; жоғары интеллект; жылдам ойлау; креативтілік; талант; дана(мінез-құлық) түсініктеріне сипаттама беріледі. Мақалада интеллектуалдық танымдық дамудың жоғары шегі; терең білім алу; қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейі; пәндер мен қызмет түрлеріне ерекше қабілеттер; пәндік мазмұнды түсінуге жоғары бейімділік түсініктері педагогикалық тұрғыдан «академиялық дарындылықтың» мазмұнын құраушылар ретінде баяндалады.

Мақалада диагностикалық жұмыстар жайлы талданады. Айқындау экспериментінің мақсат, міндеттері, оның ұйымдастырылу алгоритмі ұсынылады. Айқындау эксперименті «Б01301-бастауыш білім беру бағдарламалары» бойынша білім алушыларға А.И. Савенковтың «Дарындылық картасы» әдістемесінің негізінде жүргізілді. Сауалнама арқылы студенттердің академиялық дарындылығы АКТ, музыка, көптілділік, бизнес-инновация сфералары бойынша анықталып, оның нәтижелері беріледі. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

**Түйін сөздер:** дарындылық, академиялық дарындылық, академиялық үлгерім, креативтілік, шығармашылық белсенділік, интеллектуалдық танымдық даму, жеке конгломерат, талант, монада, диада, триада.

*Зұлтыхарова М.М.<sup>1</sup>, Садуақас Г.Т.<sup>1</sup>, Сұлтанбек М.Ж.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

<sup>3</sup>*Международного казахско-турецкого университета Ходжи Ахмеда Ясауи*

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОНЯТИЯ «АКАДЕМИЧЕСКАЯ ОДАРЕННОСТЬ»

### *Аннотация*

В статье раскрывается генезис понятия «академическая одаренность», особенности ее развития. Философские категории «академического одаренности»: интеллект; действовать; способность; образ мыслей и похвалы; мудрость; различия в людях; лучшие идеи; монады; диады; триады рассуждений; творческая деятельность; «вегетативность»; «эмоциональный»; «рациональный»; совершенное счастье; дианоэтическая добродетель; множественность (двойственность) мыслителя; внутреннее развитие; динамика генерации; анализируются научные концепции саморазвивающегося и вневременного существования. Также существуют описание категории психологического образования: отличное мастерство; умение читать; врожденные качества; индивидуальный конгломерат специфических отношений; высокий интеллект; быстрое мышление; творческий активность; талант; единиц (поведения). В статье говорится, что понятие «верхняя граница интеллектуально-познавательного развития; глубокие знания; высокая активность, направленная на достижение выдающихся результатов; специальные способности к дисциплинам и деятельности; высокая склонность к пониманию содержания предмета описывается педагогическая как составляющая содержания «академического одаренности».

В статье анализируется диагностическая работа. Предлагаются цель, задачи эксперимента, алгоритм его организации. Эксперимент проводился на основе методики А.И. Савенкова «Карта одаренности» для студентов по образовательная программа «БВ01301-начальное образование». Анкета определяет академические способности студентов в области ИКТ, музыки, полиязычия, бизнес-инноваций и представляет результаты. Подготовлены научно-методические рекомендации.

**Ключевые слова:** одаренность, академическая одаренность, академическая успеваемость, креативность, творческая активность, интеллектуально-познавательного развития, индивидуальный конгломерат, талант, монада, диада, триада.

*Zulpykharova M.M.<sup>1</sup>, Sadvakas G.T.<sup>1</sup>, Sultanbek M.Zh.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh national pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Khoja Akhmet Yassawi International KazakhTurkish University  
Kazakhstan, Turkestan*

## THEORETICAL ASPECTS OF THE CONCEPT OF «ACADEMIC GIFTEDNESS»

### *Abstract*

The article describes the genesis of the concept of «academic giftedness», features of its development. Philosophical categories of «academic giftedness»: intellect; act; ability; way of thoughts and praise; wisdom; differences in people; top ideas; monads; diads; triads of reasoning; creative activity; «vegetativeness»; «emotional»; «rational»; perfect happiness, dianoetic virtue; multiplicity (duality) of the thinker; internal development; generation dynamics; the scientific concepts of self-developing and atemporal existence are analyzed. There are also categories of psychological education: excellent mastery; ability to read; innate qualities; individual conglomerate of specific relationships; high intelligence; quick thinking; creativity; talent; the concepts of units (behavior) are described. The article states that the upper limit of intellectual cognitive development; deep knowledge; high level of activity aimed at achieving extraordinary results; special abilities for disciplines and activities; The concept of high propensity to understand the subject content is described education as a component of the content of «academic giftedness».

The article analyzes the diagnostic work. The purpose, tasks of the experiment, the algorithm of its organization are offered. The experiment was carried out on the basis of the method of A.Savenkov «Giftedness Map» for students of «БВ01301-primary education programs» The survey identifies student's «academic giftedness» in the fields of ICT, music, multilingualism, business innovation, and presents the results. Scientific and methodical recommendations are prepared.

**Keyword:** giftedness, academic giftedness, academic performance, creativity, creative activity, intellectual and cognitive development, individual conglomerate, talent, monad, dyad, triad.

**Кіріспе.** Әлемнің ақпараттануы мен жаһандану жағдайына көшуі еліміздің экономикалық және саяси өміріндегі елеулі өзгерістер барысында білім беруді түбегейлі қайта құру проблемасын туындатты.

Қазіргі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – шығармашылық трансформациялық іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыруға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, қалыптан тыс ойлаудың инновациялық түрі бар, бәсекеге қабілетті, білімді, құзыретті тұлғаны қалыптастыру.

Сәйкесінше, дарындылық мәселесінің өзектілігі артып, білім беру желісін қайта бағыттау қажеттілігіне және дарынды тұлғаны анықтау, оны дамыту үшін жағдай жасауға баса назар аударылууда. Білім берудің тиімділігі сол, оның қоғам қоятын талаптарды қанағаттандыру қабілеті педагогтардың кәсіби міндеттерді орындауға дайындық деңгейіне байланысты, олардың арасында дарындылықты анықтау және дамыту ерекше орын алады.

Бұл ретте Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасындағы мақсаты, жан-жақты дамыған білімді, мәдениетті, дарынды, отаншыл, ұлтжанды ұрпақ қалыптастырудағы іс-әрекеттерге басымдық берудің қажеттілігін түсіну деп берілген. Ал «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасының екінші аспектісі – ғылым саласын дамыту, еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруда парасатты ойлау, білім, ғылымды шебер үйрену өнерінің дамуына жағдай туғызу және қолдау. Бұл ұлттық жобадағы интеллектуалды ұлт құрау үдерісінде студенттердің *ойлау, үйрену қабілетінің* басымдығына назар аудару басты мәселе.

Әрбір кәсіби даярлау жағдайындағы білім алушылар (студенттер, болашақ мамандар) – еліміздің болашақ ұлтты құраушы тұлғалар дейтін болсақ, парасатты ойлау, үйрену өнері ғылыми-философиялық тіркестердің аспектілері бізге келесідей мүмкіндік жасайды. Олар: *жаңа теория жасау, терең білімді игеру, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік, ұлттық мүддеге қызмет ету, жасампаздық, озық технология иегері, ақпараттық өрлеу дескрипторы, жаңа философиялық пайымгер (креативтілік), рухы биік кемелді болу.*

Ендеше, парасатты ойлау, үйрену өнерінің аспектілері «академиялық дарындылықты» дамытудың қозғаушы күші болады. Осыған орай, жоғарыда көрсетілген аспектілер студенттердің академиялық дарындылығын дамытуда функционалды жағынан тірек категориялар болары анық.

Біздің зерттеуіміздің көкейтестілігін анықтайтын тағы бір мемлекеттік құжат, ол Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың **2020-2025** жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болмақ. Бағдарламада білім беру жүйесінің негізгі тұстарын SWOT-талдаумен көрсетеді. Мұнда SWOT-талдаудағы күшті жақтарының кейбірі: *педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету; білім беру мазмұнын жаңарту; ЖОО-дарының академиялық еркіндігін кеңейту; өсу нүктелерінің болуы,* - деп көрсетілген. Ендеше, мұндағы SWOT-талдаудың күшті жақтары болашақ бастауыш білім алушыларының академиялық дарындылығын дамытуда негізге алынуы қажет деп санаймыз. Олай деуге негіз бар. Соңғы он жыл көлемінде ЖОО-дағы бастауыш білім беру саласының өсу нүктелері бұрынғыдан жоғарылады. «БВ01301-бастауыш білім беру» бойынша студенттерді қазіргі күні *«Бастауыш білім бизнес инновациялармен»; «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі көптілділікпен»; «Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен; «Бастауыш білім ағылшын тілінде»* біліктіліктері бойынша кәсіби даярлау жүзеге асырылып жатыр. Демек, болашақ бастауыш білім алушыларының танымдық сала ерекшеліктеріне сай қабілеттілігі мен академиялық дарындылығы бойынша кәсіби даярлауға бағыт-бағдар беріледі. Сондықтан «академиялық дарындылықты» зерттеудің теориялық немесе практикалық маңыздылығы дарындыларды анықтау, таңдау және дамыту мәселесінің көбінесе академиялық тұрғыда туындайтындығымен түсіндіріледі. Өйткені, дарындылықтың бұл түрі адам қызметінің ең кең салаларының тәжірибесін игерумен байланысты, әсіресе кәсіби жолда өзін-өзі анықтаудағы қандай да бір кәсіпке бағыт алу кезеңінде маңызы жоғары.

Біз, ең алдымен «дарындылық» феноменінде ізденушілік жұмыстарды зерделеуде айтарлықтай зерттеулер саны артқандығын алға шығарамыз, оларды жүйелеуді жөн санаймыз. Философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде білімнің әр түрлі саласы (философия, психология, генетика, физиология, педагогика) кешенді пәнаралық зерттеуді талап ететін дарындылық табиғаты күрделі әрі көпқырлы болғандықтан ғалымдар оны әр түрлі қырынан **қарастырды:**

- *дарындылықтың мәнін анықтау* (J.Guilford, J.Renzulli, R.J. Stemberg, R.Terman, E.Torrance, И.П. Павлов, Л.Выготский, Қ.Б. Жарықбаев, У.Б. Жексенбаева, Л.М. Нарықбаева, Н.Бельская, Л.Венгер, Н.Лейтес, А.Матюшкин, А.Хуторский, т.б.);

- *дарындылықтың салалары мен түрлерін бөлу* (математикалық (Ж.О. Умбетова, В.А. Крутецкий т.б.); көркем сурет-бейнелеу (Г.И. Кудина, А.А. Мелик-Пашаев т.б.); әдебиеттік (Е.А. Корсунский, З.Н. Новоявленская т.б.); өнердің алуан түрі бойынша дарындылықты (немесе жалпы көркем дарындылық) (Н.В. Гончаров және т.б.); музыкалық (В.В. Кузьмин және т.б.); психомоторлық (М.И. Гуревич, т.б.);

- *дарындылық диагностикасы* (Рубинштейн, Г.Айзенк, Ю.Бабаева, Д.Векслер, Г.Гарднер, А.Савенков, Н.Литвинова, В.Д. Щадриков және т.б.);

- *дарындылықты зерттеудің тарихи аспектілері* (Л.Выготский, А.Балацинова, О.Мазяр, Б.Шаповалов, т.б.);

- *дарындылықты дамыту мәселелері* (Н.Лейтес, А.Матюшкин, А.Савенков А.Хуторский, Г.Мелхорн, т.б.);

- *дарындылықты дамытуға жеке көзқарас* ( Н.Лейтес, т.б.);

- *дарындылықты тумалы нышандар негізінде дамуы мәселесі* (Д.Хебб, Б.Г. Ананьев, Б.М. Теплов, В.Д. Щадриков, А.В. Брушлинский, т.б.) ғылыми еңбектерде көрініс береді.

Біздің елімізде «дарындылық» бойынша жұмысты жетілдірудің мынадай бағыттары бойынша зерттеулер зерделенді:

- *дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың басқару аспектісі* (У.Б. Жексенбаева, Г.Х. Буханова, Б.А. Нурмагамбетова, А.Т. Туралбаева, т.б.);

- *мектепке дейінгі шақта балалардың дарындылығын дамыту* (Г.С. Байтурсева, О.А. Жумадилаева т.б.);

- *дарындылықты дамыту шарттары* (Л.М. Нарикбаева, С.В. Кузнецова, И.А. Бевз, Н.Н. Телепнева, Ж.К. Елеупаева, Л.Казангапова, т.б.).

Жоғарыда біршама ғылыми ізденістерден топтастырылған зерттеулерді көрсетіп отырмыз. Ендігі кезекте дарындылықтың түрлері, оның ішіндегі академиялық дарындылықтың генезисі, білімдеп бойынша даму ерекшеліктері жайлы баяндайтын боламыз.

Бізге «академиялық дарындылық» ұғымын қамтамасыз ететін негізгі философиялық категорияларды түзуде келесідей: *интеллект, акт, қабілет, ойлар мен мадақтар жолы, даналық (адамның адамға қатысты ие болатын білімі), адамның өзіне қатысты бірегейлік, басқа адамдарға қатысты айырмашылық, жоғарғы идеялар, идеяларды монадалар, диадалар, триадалар ретінде пайымдаушылық, шығармашылық белсенділік, «вегетативтілік», «сезімдік», «рационалдық», жетік бақыт, дианоэтикалық ізгілік(кәмілдікке жету, «phronesis» – байыптылық және «sophid» – даналық), ойланушының көптілігі (дуальдылығы) - ойланғанның көптілігі, ішкі даму, генерация динамикасы, өздігінен дамитын және атемпоральды (уақыттан және жаңғырудан тыс) болмыс, т.б.* ғылыми түсініктер бастауы сипат берді.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Бұл бөлімде біз, «академиялық дарындылықтың» қандай да бір қабілеттер жиынтығынан басталып, өзіндік даму, қалыптасуы бар ұғым екендігін негізге ала отырып сипаттама береміз. Студенттердің академиялық дарындылығын дамытудың әдіснамалық негіздерін басшылыққа алатын боламыз. Бұл үшін бізге зерттеу логикасының құрылымына сай әдістерін таңдау қажеттігі туындайды, Зерттеу әдістері:

- теориялық: талдау, жинақтау, абстракциялау, нақтылау, контент-талдау;

- эмпирикалық зерттеу әдістері: объекті іздеу, сауалнама, диагностикалау, бақылау, математикалық өңдеу.

Грек философиясы мен гуманистік-қайта өрлеу идеялары мен үрдістеріне дейінгі аралықта «академиялық дарындылықтың» генезисі және қалыптасуы бірнеше ғасырларды қамтиды. Ендеше, философиялық ойларды хронологиялық ретпен талдап өтейік.

Парменид VI ғасырдың екінші жартысында Элеяда (қазір Велиа) дүниеге келіп, б.з.д. V ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген философ. «Табиғат туралы» деген оның поэмасында жалпы қабілеттілік, ол – **ойлар мен мадақтар жолы**. Парменидтің маңызды қағидаларының бірі – **шынайылық жолы** («дұрыс жөнделген шындықтың жүрегі»): болмыс бар, оның болмауы мүмкін емес; бейболмыс жоқ, және оның болуы мүмкін емес, деп тұжырымдайды [1]. Парменидтің философиялық пәлсапасынан «академиялық дарындылық» шынайылық жолында ойлардан құралып, өңделіп, түбінде мадақтар жолын көрсетеді деп айқындаймыз.

Сократтың ілімі: «...адам маңыздылығының ашылуы неде?» деген сұраққа жауап іздеді. Сократ адамға тоқталды, бірақ мәселені тереңдете отырып: «Шындығына келетін болсақ, мені даналықты іздеуден басқа ештеңе басқара алмайды. Ал осы даналық дегеніміз не? Бұл нақты мағынасында бұл адамзаттың **даналығы** (яғни, **адамның адамға қатысты ие болатын білімі**), осы білімділікке қатысты, мүмкін мен дана шығармын» деп көрсетті. Қорытындысында Сократ үшін «жанның ұраны өзін өзі танып-білу, сол себепті ол сананы билейді» ұраны алдыңғы шепте болды. Сократтың өз іліміне сыни рефлексиясы осылай қалыптасты [1,75 б.]. Сократтың еңбектеріне талдау жасауда «академиялық дарындылық», ол – даналық, адамның адамға қатысты ие болатын білімі деген негізгі түйінді аламыз.

Платонның біртұтастық пен бүтіндікті «өлшем» ретінде немесе ұйқастық ретінде анықтағанын айта аламыз». Платонның мінсіз элементінің құрылымын түсіну үшін екі мәнді тараптар туралы атап өту қажет. Бірыңғайлық және диада ұстанымдарынан шығатын идеяларды уақытша үдеріс ретінде түсінбеу керек. Оның мақсаты – өздігінен дамиды және атемпоральды (уақыттан және жаңғырудан тыс) болмыс тәртібін дискурсты үлгіде қолжетімді ету. Демек, алғаш осындай белгілі бір **идеялардың туындауы**, сосын келесілерінің туындауынан идеялардың хронологиялық рет бойынша үдемелілігі, онтологиялық қасиеттің басымдылығы болып табылады. Мұндай мағынада алғашқы бастамадан соң бірден **«басты» идеялар** туындайды [1,124 б.]. Платон кейбір идеяларды **монадалар, диадалар, триадалар** және т.с.с. ретінде пайымдауы мүмкін, себебі олар ішкі үйлесімі немесе басқа идеялармен қарым-қатынас типі бойынша сәйкес келеді.

Грек философиясында Аристотель: «Адамдар философиялай отырып, білімді басқа біреудің **тәжірибелік пайдасы үшін емес, өздері үшін іздейді**», – деп жазды. Барлық гректің ой танымы осыны дәлелдеді. Аристотельдің «академиялық дарындылық» жайлы пікірі, ол – өзін-өзі тануға арналып, бірегейлікті алға шығарады. Аристотельдің тілімен айтқанда, бұл **шығармашылық белсенділігінің** өнімі. Оны «**вегетативтілік**», «**сезімдік**», «**рационалдық**» деп түрлерге бөліп қарастырған. Оның философиясы ең бай білім жолы. Дианоэтикалық ізгілік және «**жетік бақыт**». Рационалды жанның кемілдікке жетуі – «**дианоэтикалық**» (грекше «**екі**»+«**ноэсис**») **ізгілік** болып табылады. Рационалды жанның екі қырқағидалармен қарым-қатынас жасайды. Осы жерден екі дианоэтикалық ізгілік туындайтындығын, «**phronesis**» – **байыптылық және «sophid» – даналықты** бөліп зерттейді [1, 189 б.] .

Александр Афродисийский (б.з. 198-211 жж.) Семптим Север тұсында Афинада оның философия кафедрасы болған. Александр өзінің **зияткерлікті** түсіндіруімен белгілі, және оның идеялары ортағасырлық, сонымен қатар ренессанстық санаға елеулі әсер етті. Александр адамдық зияткерліктің үш түрін бөліп көрсетеді: 1) материалды, немесе физикалық, **зияткерлік**, яғни таза мүмкіндікті, танымның әлеуеттілігін; 2) өз әлеуетін қалыптастыра отырып, түрді материядан бөліп, өзінің **ойлау қабілетін** арттыратын зияткерлік; 3) әрекет етуші немесе **тиімді интеллект** [1,197 б.]. А.Афродисийскийдің философиялық ойларынан «академиялық дарындылық» бірнеше интеллект түрлерінен құралып отырғандығын негізге аламыз.

Плотин (Платонның шәкірті) (б.з. 205-270 жж.) ілімі бойынша белсенділік – бұл әлі құрастырылмаған (интеллигибельді материя сияқты әлдене); формаға ие болуы үшін ол: 1) өзінің бірінші бастамасын аңдауы, онымен нәрленуі және толуы мақстында айналуы қажет. Содан соң 2) бұл күш өзіне қайтып келуі және өзінде жүзеге асуы керек. Бірінші кезеңде субстанция-болмыс пайда болады, ал екіншісінде – ойдың өзі. Осылай ойланған мен **ойланушының көптілігі (дуальдылығы), сонымен қоса ойланғанның көптілігі** туындайды [1, 198 б.].

Философ Авиценнаның ықпалы «**Генерация логикасын**» құрады. «Гносеологиялық тұрғыдан алғанда, бұл ақыл **потенциядан актқа**, интеллекттің енжар жағдайынан индивидуумның саналы әрекетіне өтуді қамтамасыз етеді. Осындай нәрсе иррадиация жолымен (соның арқасында **кәдуілгі интеллект** бар), универсалды ұғымдардың көмегімен абстракцияланушы нақтылықтың жолымен (**белсенді интеллект**), сондай-ақ индивидуалды интеллекттің жоғарғысына өтуі арқылы болады және бұл соңғысы мейлінше күрделілігінің арқасында тек таңдаулыларға (**қасиетті интеллект**) ғана тиесілі» деп пайымдайды [1,84 б.]. Ендеше біз, Авиценнаның еңбектерінен «академиялық дарындылыққа» мазмұны «кәдуілгі, белсенді, қасиетті интеллекттердің» тобынан тұратындығын байқаймыз.

Жоғарыда талданған философиялық тұжырымдар «академиялық дарындылықтың» бастауы ретіндегі мазмұнға ие. «Академиялық дарындылықтың» генезисі, оның қалыптасуы алға жылжуды көрсетеді. Бірақ бұл тұста психологиялық даму ерекшелігі мен сыртқы әсерлер аралық рөл атқарады. Ендеше біз, келесіде «дарындылық», «академиялық дарындылық» ұғымдарының психологиялық тұрғыдағы талдауларына тоқталамыз.

Қ.Б. Жарықбаев өзінің еңбегінде: «Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне (**мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы**, жүйке үрдістерінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі, т.б.) байланысты болып келеді. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол ерте көзге түсетін болады», - деп сипаттайды [2].

Психолог ғалым В.Юркевич академиялық дарындылықты **керемет менгеру**, яғни **оқу қабілеті** ретінде анықтайды. Академиялық дарынды тұлға пәндік мазмұнмен жұмыс істеу тәсілі бойынша репродуктивті іс-әрекетте білімді игеруге, түрлендіруге және қолдануға бағытталған. Сонымен қатар, «академиялық дарындылықтың» маңызды сипаттамаларының бірі – сырттан алынған ақпаратты

селективті, белсенді түрлендіруге негізделген танымдық қажеттілікті талап етуінде. Ғалымның пікірі бойынша академиялық дарынды тұлға жаңа білімді қалыптастыруға бағытталған өнімді әрекетке назар аударады. Зерттеуші дарындылықтың бұл түрімен ерекше оқу қабілеттері бірінші орынға шығатынын айтады. Академиялық дарындылықпен интеллекттің жоғары немесе орташа деңгейі орын алады. Дарындылықтың бұл түрімен сипатталатын адамдар, ең алдымен, **жақсы меңгере алады, яғни үйренеді**. Олардың танымдық саласының ерекшеліктері (ойлау, есте сақтау, зейін), олардың мотивациясының кейбір ерекшеліктері ілімді олар үшін жеткілікті етеді [3].

В.Рафикова жеке тұлғаның құрылымына, оның қажеттіліктері мен мотивациялық сипаттамаларына қатысты теориялық ережелерге сүйене отырып, академиялық дарындылық белгілі бір дарынды тұлғаның бірегейлігін анықтайтын **туа біткен** және алынған білімнің, дағдылардың, дағдылардың және оларды алу әдістерінің, жеке қасиеттер мен нақты қатынастардың **жеке конгломераты** деп санайды [4]. В.Рафикованың тұжырымы бойынша академиялық дарындылықты барлық пән, сала бойынша жоғары оқу жетістіктерінің көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Тағы бір психологиялық зерттеулерде А.Ю. Буров [5], Л.А. Данилевич [6], В.М. Онацкий [7], дарындылықтың бұл түрінде жеткілікті **жоғары интеллект** негізгі орын алады, бірақ оқуға ерекше қабілеттер бірінші орынға шығады. Академиялық дарынды студенттер, ең алдымен, **жақсы меңгере алады, үйренеді**. Олардың танымдық саласының ерекшеліктері - ойлау, есте сақтау, назар аудару, олардың мотивациясының кейбір ерекшеліктері – білімді олар үшін оңай, ал кейбір жағдайларда тіпті жағымды етеді. Ойлаудан мадақтар жолына өтуде дарындылықтың осы түріне жатады. Дарындылықтың академиялық түрінің де өзіндік кіші түрлері бар – оқу қабілеті жоғары студенттер бар, олар кез-келген әрекетті **оңай игереді**, барлық ғылымдарда, т.б. айтарлықтай **жетістіктерге жетеді**, ал оқу қабілеті жоғарылаған студенттер тек бір немесе бірнеше жақын қызмет салаларында (ақты ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар) көрінеді.

Мысалы, психологиялық зерттеулерде ЖОО-дарының білім беру жүйесінде студенттік шақта **ішкі бақылау локусының** дамитыны анықталған (А.Р. Ерментаева [8], И.Ю. Кулагина, В.Н. Коллюцкий [9], В.С. Мухина [10] т.б.). Ішкі бақылау локусы: өзін бағалауы, өз-өзін қабылдауы, эмоциялық күйзелісті, өз қадірін білуі, қанағаттану сезімі т.б. болады. Егер академиялық дарынды студенттерде бұл болмаған жағдайда оның даму механизмдері табысты бола алмайды. Алайда, академиялық дарынды болуда **интегралды сипаттамалардың** орын алуы үшін студенттердің когнитивті дамуы, олардың субъективтілік, тұлғалық қасиеттері маңызды болады. Мұндай қасиеттерге: жоғары мотивация, мақсаткерлік, еңбексүйгіштік, табандылық, тиянақтылық, ұқыптылық, ізденушілік, **интеллектуалдық танымдық дамудың жоғары шегі** т.б. жатады.

«Академиялық дарындылық» үшін келесі терминдер маңызды: зияткерлік қабілеттер, мотивация, креативтілік. Академиялық дарындылықты көрсететін тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін тек дарындылықпен бірге жүретін белгілер ретінде қарастыруға болады. Сондықтан осы психологиялық ерекшеліктер оның сөзсіз болуы туралы қорытынды жасау үшін емес, бұл жерде академиялық дарындылықты болжауға негіз бола алады.

Психологиялық зерттеулердің нәтижесінде «академиялық дарындылық» - «тамаша меңгере білу, яғни үйрену» деген тұжырым жасаймыз. Дарындылықтың бұл түрінде жеткілікті жоғары интеллект бар, бірақ оқытудың ерекше қабілеттері бірінші орынға шығады.

Академиялық дарындылықты зерттеу педагогикалық психологияда (Б.Ананьев [11], В.Дружинин [12], Н.Менчинская [13], Н.Лейтес [14], М.Холодная [15] және т. б.) психологтар жүргізген оқу үлгерімімен байланысты. Оқыту – оқытудың сәтті нәтиже беруіндегі белгілі бір рөл атқаратын ақыл-ой белсенділігінің ерекшеліктері.

Жалпы академиялық дарындылық зияткерлік қызметтің барлық түрлерінде көрінеді: ғылым, медицина, оқыту, инженерлік даму және т.б.

1. IQ деңгейі жоғары адамдар 135-140-тан асады (оларды шартты түрде **«жылдам ойлы»** деп атауға болады).

2. **«Тамаша білім алушы»** академиялық жетістіктерінің деңгейі жоғары тұлғалар.

3. Креативтілікке (**«креативтер»**) тесттерде анықталған шығармашылық көрсеткіштердің даму деңгейі жоғары тұлғалар)

4. Нақты қызмет түрлерін орындауда жоғары табысты, үлкен көлемдегі нақты білімі, белгілі бір салада үлкен практикалық тәжірибесі бар тұлғалар (**«құзыретті мамандар»**).

5. Белгілі бір салада ерекше жетістіктері бар, белгілі бір дәрежеде қоғамдық танылған нысандары бар адамдар (**«талантты»**).


6. Адам мінез-құлқын, адам өмірін («дана») болжауды талдаумен байланысты ерекше зияткерлік мүмкіндіктері бар адамдар [16].

Ғалым А.Т.Туралбаеваның еңбектерінде: «Қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған **іс-әрекеттің жоғары деңгейін** қамтамасыз ететін біртұтас құрылым» деп дарынды тұлғаға нақтылау жасалады [17].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, академиялық дарындылық жеке тұлғаның психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің күрделі полифункционалды жүйесіне негізделген жеке тұлғаның интегралды сипаттамалары деп санаймыз.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей және ғалымдар Д.Б. Богояленская, М.Е. Богоявленская өз зерттеулерінде Д.Эпифания дарындылықтың академиялық, интеллектуалдық және шығармашылық түрлеріне бөлінуі Гилфордтың интеллектуалды теориясы негізінде жіктеледі. Бұл жіктеу екі ережеге негізделген: пәндік мазмұнмен жұмыс істеу әдістері және пәндік материалдың өзі. Мұндағы ережелер академиялық дарындылықты белгілейді [28].

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткеніндей, «академиялық дарындылық» ұғымының даму ерекшеліктерінде алғашқы түсініктер философияда, екіншісі психологияда, ал үшінші және қазіргі түсініктер алғашқылары мен педагогикада өрбіді (1-сурет).



Сурет 1– «Академиялық дарындылықтың» қалыптасу кезеңдері

1–суреттегі кезеңдер топтамасынан байқап отырғанымыздай, «академиялық дарындылық» генезисі философиядан туындап, психологиялық зерттеулерде ерекшелініп, қандай да бір қабілеттер жиынтықтарын құрап, педагогикада нақты көріністермен нәтижеге бағытталады.

Зерттеулерден белгілі болғандай, «академиялық дарынды» студенттерден керемет кәсіпқойлар, өз кәсіби жолыда нағыз шеберлері даярланады. Мысалы, ЖОО-да академиялық дарынды студенттер үлкен жетістіктерімен ерекшеленеді. Олар оқудағы ерекше жетістіктерде, ақпараттың үлкен көлемін игерудің жылдамдығы мен жеңілдігінде, барлық пәндер немесе жеке пәндер бойынша жоғары үлгерімде көзге түседі. Сонымен қатар, 1-курсқа қабылданған студенттер кәсіби бағдарланған бағытын, олардың нақты бейіндік пәндерді тереңірек деңгейде зерделеудің артықшылықтарын таңдайды. Осы орайда академиялық дарындылық пен академиялық үлгерімді ажырату керек деп санаймыз.

**Академиялық дарындылық** – бұл оқу қабілетінің көрсеткіші, білім алушыда академиялық дарындылықтың барлық таңдалған компоненттерінің болуы. Ал **академиялық үлгерім** – бұл академиялық дарындылықтың белгіленген нәтижесі, бағалау бойынша марапаттардың, елеулі жетістіктердің (пәндік мазмұнда, т.б.) болуымен анықталады. Бірақ әр түрлі оқу пәндері бойынша білім алушылардың академиялық үлгерімі әр түрлі болуы мүмкін. «Профильдеу» мен «арнайы дарындылықтың» айырмашылығын түсінуіміз керек, мұнда студенттер белгілі бір пәндер мен қызмет түрлеріне қабілеттерін көрсетеді. Академиялық дарынды тұлға барлық пәндерді оқи алады, өйткені ол оқу қабілетіне ие және жеткілікті уақыт болса, ол аз көңіл бөлген пәндер бойынша артта қалуды да жоққа

шығара алады. Көбінесе академиялық дарындылық қызығушылықтың жоғары таңдауымен, өмірдің негізгі хоббиімен байланысты емес салаларын елемей үйлеседі.

Осы орайда М.М. Мұқанов өзінің зерттеулерінде іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтаудан тұрады деп тұжырым жасайды [19].

Академиялық дарындылықтың негізі айқын танымдық мотивация болып табылады. Мұнда оқытудың ерекше қабілеттері бірінші орынға шығады, осы типтегі адамдар жаңа материалды оңай игереді және осы процесстен ләззат алады. Академиялық дарындылығы бар жастар терең білімге ие, қызығушылықтары мен мақсаттылығымен ерекшеленеді, арнайы ғылыми т.б. әдебиеттер бойынша өздігімен білім алып, оны терең талдайды және түсінуге бейімділігі жоғары.

Қазіргі уақытта шетелдік және отандық ғылымда арнайы дарындылық бірнеше түрлерге бөлінеді және олар белгілі ішкі көріністер мен даму алгоритмдері бойынша ерекшеленеді. Олар: зияткерлік, академиялық, шығармашылық, әлеуметтік және рухани дарындылық. Алайда зерттеушілердің едәуір бөлігі академиялық және интеллектуалдық дарындылықты екі түрлі ұғым ретінде санамайды, бұл дарындылықтың осы түрлерінің белгілері бар тұлғаны ақыл-ой қабілеттілігінің болуымен байланыстырады.

**Зерттеу нәтижелері.** Айқындаушы кезеңде біз, зерттеу барысында жинақталған диагностикалық материалдарды пайдаландық. Мұндағы диагностика – педагогикалық үдерістің жемісі мен нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу үшін қолданылатын тәсілдері қызметінде болады.

Диагностиканың мақсаты – оқу-тәрбие жұмыстарын, олардың өнімділік нәтижесімен байланыстыратын дер мезгілінде анықтау, бағалау және талдау дейтін болсақ, 1-курсқа қабылданған білім алушылардың академиялық дарындылығын бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнына сай АКТ, музыка, тіл, бизнес-инновация бойынша анықтауды жөн санадық. Диагностиканың міндеті:

- Білім алушылардың академиялық бейімділігінің барысын мен нәтижесін талдау (АКТ, музыка, тіл, бизнес-инновация);

- студенттердің айқын қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың түрін, деңгейін және т.б. ерекшеліктерін анықтау және айқындау болып табылады.

Болашақ бастауыш білім мамандарының академиялық бейімділігін анықтау диагностикасы олардың кәсіби даярлануға көмегін тигізеді. Біз, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мақсатын, міндеттерін жүзеге асыруда айқындау экспериментінің ұйымдастырылу алгоритмін ұсынамыз:

1) студенттердің академиялық дарындылығын АКТ, музыка, тіл, бизнес-инновация бойынша педагогикалық бақылау, сауалнама алу;

2) студенттердің «академиялық дарындылық» түрлері, оны дамыту жайлы білімді айқындау және талдау болады.

Көптеген зерттеулердегі тұлға дарындылығын айқындауда көп қолданысқа ие болғандары: «Дж.Равеннің прогрессивті матрицасы», «Д.Векслер тесті», П.Торренс тесттерінің ауызша емес және ауызша нұсқалары, Ф.Вильямстың түрлендірілген жасампаздық тестері, А.И. Савенковтың «Дарындылық картасын» сондай-ақ, танымдық үрдістердің тиімділігін анықтауға бағытталған көптеген әдістемелер. Көңіл бөлетін бір жағы психоайқындау әдістемелерінің көбісі көп уақыт пен арнайы дайындықты қажет етеді, бұл оларды тәжірибеде қолдануда қиындықтар туғызады. Алайда, Дж.Равен (конвергенттік ойлау) мен П.Торренстің (дивергенттік ойлау) әдістемелері көп уақытты қажет етпейтінін де ескеру керек, сондықтан педагогтар оларды студенттердің «академиялық дарындылығын» зерттеуде қолдана алады.

Біз, айқындаушы эксперимент барысында болашақ бастауыш білім мамандарының қай бағыт бойынша дарындылығы басым екендігін анықтау мақсатында А.И. Савенковтың әдістемесінің негізінде авторлық сауалнама жүргіздік [20]. (Сауалнама құрастырушылар – А.Т. Туралбаева, М.М. Зұлпыхарова).

Респонденттер үшін нұсқаулар:

Жауаптар парағының оң жақтағы бұрышына өз аты-жөнін жазады. Сұрақтарға берілген жауаптарды торларға орналастырады. 1-сұраққа жауап 1-нөмірлі торда, 2-сұраққа жауап 2-нөмірлі торда және т.с.с. Барлығы 20 сұрақ. Егер айтылған жағдайда бір нәрсе ұнамаса (-) белгісін қойыңыз; егер ұнаса (+); егер өте ұнаса (++) белгісін қоюға болады.

Педагогтер үшін нұсқаулар:

Студенттердің қабілеттіліктеріне нақты ұсыныстар беру үшін, оның бейімділігі туралы білу қажет. Сізге 20 сұрақ ұсынылып отыр. Әрқайсысына мұқият қарай отырып, студенттің мүмкіндіктерін жоғарылатпай және төмендетпей тырысып белгілеу. Егер студент бір себептермен жауап беруге қиналса,



берілген торды ашық толтырмай қалдырып кетуіне мүмкіндік беру. әрбір сферадағы белгілеулерді (+) санап, қайсысында жоғары болса, сол сферада бейімділіктің басым болуы шарт. Сұрақтар парағы: (Әрбір сұрақ «ұнай ма?» сөзімен аяқталады). Бұл әдістемеден 4 сфера бойынша академиялық дарындылықты анықтауға болады. Олар:


- АКТ;
- Музыка;
- Бизнес-инновация;
- Көптілділік.

**Дискуссия. Нәтижелерді талдау.** Талдаулар қорытындысында «академиялық дарындылық» ұғымының генезисін талдауда, қалыптасу мазмұнын зерделеуде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының «БВ01301-бастауыш білім беру бағдарламасы» бойынша 1-ші және 2-ші курс студенттерінің (98 студент) академиялық дарындылығын зерттеу мақсатында эксперименттік алаң құрылып, анықтау экспериментінің жұмыстары ұйымдастырылды.

Айқындаушы экспериментке жалпы саны 98 респондент қатынасты. Оның 52 респонденті бақылау тобында, ал 46 респонденті эксперимент тобында тәжірибеден өтті. Айқындаушы экспериментке қатысқан 98 студенттің әрқайсысының қай сферада бейімділігі бар екендігін төмендегі 1-кестеден байқауға болады (кесте 1).

Кесте 1 «Академиялық дарындылық» картасы бойынша алынған нәтижелер (А.И. Савенков бойынша)

Таңдау компоненттері		АКТ-ға бейімділігі		Музыкаға бейімділігі		Көптілділікке бейімділігі		Бизнес инновацияларға бейімділігі	
Тобы	Саны	п	%	п	%	п	%	п	%
БТ	52	13	25%	14	26,9%	8	15,3%	17	32,6%
ЭТ	46	13	28,2%	12	26,08%	6	14,2%	15	32,6%



Сурет –2. Бақылау және эксперименттік топтар бойынша академиялық дарындылығын анықтаудың пайыздық нәтижелерінің диаграммасы

Айқындаушы экспериментіндегі жүргізілген сауалнама 98 респонденттің академиялық дарындылығын анықтауға көмектесті. Жалпы алғанда, АКТ, музыка, көптілділік, бизнес-инновацияға байланысты БТ және ЭТ топтарында бейімділік бойынша студенттер саны мен пайыздық көрсеткіштері анықталды. Атқарушы эксперимент нәтижесінде БТ-да жалпы 52 студент қатысып, АКТ–13/25% музыка–14/26,9%, көптілділік–8/15,3%, бизнес-инновацияға–17/32,6%-ды құрады. Ал ЭТ-дағы 46 респонденттің АКТ–13/28,2% музыка–12/26,08%, көптілділік–6/14,2%, бизнес-инновацияға–15/32,6%-ды көрсетіп отыр. Бұл мәліметтерді 1-кестеден және 2-суреттен көруге болады.

**Қорытынды.** «Академиялық дарындылықты» сәтті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаның қалыптасуының білім беру ортасы маңызды, атап айтқанда: педагогтің дайындық деңгейі, оқу орнының тиісті

жабдықтарының болуы, дарынды тұлғаның ерекшеліктерін және оның жетістіктерін қабылдауға және сезінуге қабілетті референттік топтың болуы т.б. шартты жағдай деп санаймыз.

Осыған байланысты ПОҚ-ның біліктілігін арттыру және олардың академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру мәселесі жетекші орындардың біріне шығады.

ЖОО-дарында білім алушылардың академиялық дарындылығын дамытуға дайындығы ПОҚ-ның интегративті сипаттамасы болып табылады, оның орталығы педагогикалық іс-әрекеттің игерілген құндылықтары болып табылатын академиялық дарынды тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау және сәйкестендіруге қатысты оның кәсіби құзыреттілік деңгейін көрсетеді. Дарынды студенттермен жұмыс істеуге дайындық игерілген кәсіби маңызды білімге, дағдыларға, іс-әрекет тәсілдеріне негізделеді. Білім алушылардың академиялық дарындылығын дамытудағы ПОҚ дайындығы – бұл кәсіби білім алу кезінде және өзінің өмірлік кәсіби тәжірибесі кезінде қалыптасқан ішкі жеке білім; бұл жоғары деңгейге жетуі мүмкін тұрақты қалыптасу мен дамуды қажет ететін динамикалық сипаттама. Сондықтан болашақ бастауыш білім мамандарының академиялық дарындылығын дамытуда келесідей ұсыныстар береміз:

- болашақ бастауыш білім мамандарына арналған «Академиялық дарындылықты дамыту негіздері» атты арнайы/элективті курс бағдарламасын даярлау, ЖОО-ның білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына ендіру;

- «академиялық дарындылықты дамытудың» теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау жұмыстары бойынша ЖОО-дағы ПОҚ-на, білім алушыларға арналған *семинар, брифинг* жұмыстарын ұйымдастыру;

- бейінді сыныптардағы бітіруші түлектер үшін «академиялық дарындылықты» дамытуға *авторлық жобалардың* болуын қамтамасыз ету;

- ЖОО-да «Academic performance» студенттер бәсекелестік клубының жұмыс бағдарламасын құру.

Біз, бұл мақаламыз арқылы «академиялық дарындылық» ұғымының теориялық аспектілерін талдадық. Болашақта диагностикалау жұмыстары барысында әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды жүзеге асыру қарастырылатын болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дж. Реале, Д. Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: Оқулық. /Ауд. Т.Х. Ғабитов, т.б. – Алматы, 2012. – 628 б.
2. Жарықбаев Қ.Б.және т.б. Психологиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 152 б.
3. Юркевич С.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. – М.: Просвещение, 2000. – 136 с.
4. Рафикова В. М. Педагогические условия формирования академической одаренности школьников: автореферат дис. канд. пед. наук: 13. 00.01. / Венера Мунировна Рафикова. – Удмуртский гос.ун-т, Ижевск, 2003. – 15 с.
5. Буров А.Ю. Критерии и модель академической одаренности / Буров Александр Юрьевич // Интеллектуальная, академическая и творческая одаренность: общее и отличное. Материалы круглого стола 20 января 2012 г., м. Киев. – К.: ООО «Информационные системы», 2012. – С. 6-8.
6. Данилевич Л.А. Перфекционизм как личностный фактор академической одаренности: автореф. дис. на соискание науч. степени доктора психологических наук: спец. 19.00.01 – Общая психология, история психологии / Лариса Арсеньевна Данилевич. – Киев, 2010. – 26 с.
7. Онацкий В.М. Академическая одаренность и методы ее диагностики //Одаренный ребенок. – 2002, № 2. – С. 51 – 56.
8. Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527.
9. Кулагина И.Ю., Колюцкий В.Н. Психология развития и возрастная психология. Полный жизненный цикл развития человека. Учебн. пособие. Издательство: Академический проект, 2018. – 420 с.
10. Мухина В. С. Возрастная психология. – М.: Академия, 1997. – 213 с.
11. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – СПб.: Питер, 2001. – 288 с.
12. Дружинин В. Н. Психология общих способностей. Серия «Мастера психологии»). – СПб.: Издательство "Питер", 1999. – 368 с.
13. Менчинская Н. А. Вопросы умственного развития ребенка. – М.:1970. – 815 с.
14. Лейтес Н.С. Что значит «одаренный ребенок» // Искусство в школе. – 2003. – №3. – С.3.
15. Холодная М.А. Психология интеллекта // Парадоксы исследования. -2-е изд., перераб. и доп. – СПб.:Питер, 2002. – 272 с.

16. Выготский Л.С. Психология. Апрель Пресс. – М.:2000. – 1006 с.

17. Turalbayeva A., Sultanbek M., Utyupova G., Aidarov B., Uaidullakzy E., Zhumash Zh., Uzunboylu H. The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal of Sciences and Research // Ponte. -2017. - V.73.- Iss.4. – P. 239-251.

18. Богоявленская Д.Б., Богоявленская М.Е. Одаренность: природа и диагностика. – М.: АНО «ЦНПРО», 2013. – 208 с.

19. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982. – 247 б.

20. Савенков А.И. Педагогическая психология: в 2т. – М.: Академия, 2009. – Т.1. – 415 с.

#### References:

1 J. Reale, D. Antiseri Western philosophia: ex Originibus ad praesentem diem: artem. / Aud. T. Kh. Gabitov, T. B.-Almaty, 2012. - 628 P.

2. Zharykbayev K. B. et al. animi encyclopedia. - Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2011. - 152 P.

3. Yurkevich S. S. donatus puer: illusionibus et re. - Moscow: Prosveshchenie, 2000. - 136 p.

4. Rafikova V. M. Shkolnikova giftedness academica Paedagogica conditionibus de formatione: abstracto de dis. cand. p. naukom: 13. 00.01. / Rafikova Venera Munirovna. - Gos lla. un-D., Izhevsk, 2003. - p. 15.

5. Burov A. Yu. Criteria et exemplar academica giftedness / Burov Alexander Yuryevich // Intellectualis, academica et creatrix giftedness: generalis et optimum. De materia circa mensam in January 20, 2012, m. Kioviensis. - K.: LLC "Notitia Ratio", 2012. - Pp. 6-8.

6. Danilevich L. A. Perfectionism ut alio officina academica giftedness: autoref. dis. nam elit scientiae. gradus Doctoris animi scientiarum: spec. 19.00.01-Generalis psychologia, historia de psychologia / Larisa Arsenyevna Danilevich. - Kioviensis, 2010. – 26 p.

7. Onatsky V. M. Akademicheskaya odarennost ' ego metody ee diagnostiki [Academica giftedness et modos eius diagnostics]. – 2002, № 2. - Pp. 51-56.

8. Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527

9. Kulagina I. Yu., Kolutsky V. N. Developmental psychologia et aetate psychologia. Plena vita cyclum humanae. Studiis. stipendium. Publisher: Academica Project, 2018. - 420 p.

10. Mukhina V. S. Aetate psychologia. - Moscow: Akademiya, 1997. – 213 s

11. Ananyev B. G. Homo ut subiectum scientiae. - SPb.: Petrus, 2001. – 288 p.

12. Druzhinin V. N. Psychologia de genere ingenium. Dominis de Psychologia series). - SPb.: Petrus Publishing Casam, 1999. – 368 p.

13. Menchinskaya N. A. Quaestiones mentis progressionem grava. - Moscow: 1970. – 815 p.

14. Leites N. S. Quid "puer donatus" mean? // Artis in Schola. – 2003. – №3. - P. 3.

15. Kholodnaya M. A. Psychologia intelligentiae // Paradoxes investigationis. - 2 ed., pererab. et add. - SPb.: Petrus, 2002. – 272 p.

16. Vygotsky L. S. Psychologia. Aprilis Press. - M.: 2000. – 1006 p.

17. Turalbayeva A., Sultanbek M., Utyupova G., Aidarov B., Uaidullakzy E., Zhumash Zh., Uzunboylu H. generalis praeparatio disciplina schola et familia et educationem praeditos filii in schola operam principia International Journal of Scientiarum et Investigationis // Ponte. -2017. - V. 73.- Iss.4. – P. 239-251.

18. Bogoyavlenskaya D. B., Bogoyavlenskaya M. E. Giftedness: natura et diagnostics. - Moscow: ANO "TSNPRO", 2013. – 208 p.

19. Mukanov M. Zhas zhane pedagogikalyk psychologia. - Almaty: Mektep, 1982. – 247 b.

20. Savenkov A. I. Paedagogica psychologia: in 2 vols. - M.: Akademiya, 2009. - Vol. 1. – 415 p.